

Әкелінетін тауарларға шартты бағаларды қолдану туралы

Күшін жойған

Бұйрық Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті 2000 жылғы 4 сәуір N 117 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 27 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1123. Күші жойылды - ҚР Кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2001.02.06. N 42 бұйрығымен. ~V011443

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларды кедендік бағалау жүйесін алдағы уақытта жетілдіру мақсатында "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын о р ы н д а у

ү ш і н

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларды бағалау жүйесін қолдану туралы Ережелері бекітілсін.

2. Әкелінетін тауарлардың кедендік құнын резервтік әдіс бойынша анықтау кезінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті беретін бағалық ақпарат қолданылсын.

3. Кедендік кірістер Бас басқармасы (Б. Жұмабеков) кеден органдарын кедендік жүк декларациясының базасында жасалған тоқсандық бағалық ақпаратпен қамтамасыз етсін.

4. Бас кеден басқармаларының, кеден басқармаларының және кедендердің б а с т ы қ т а р ы :

- "Тауарларды еркін айналым үшін шығару" режимінде кедендік ресімдеуден өткен барлық тауарлар жөніндегі бағалық ақпаратты әрбір төртінші күнтізбелік айдың 5 күніне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден к о м и т е т і н е жіберсін;

- осы бұйрықтың талаптарын барлық құрылымдық бөлімшелерге және мүдделі тұлғаларға жеткізсін.

5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің 1997 жылғы 4 шілдедегі N 174-П V970352_ бұйрығы күші жойылған деп танылсын.

6. Ұлттық қамтамасыз ету басқармасы (Г. Мұхамедиева) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті Төрағасының орынбасары Д.Ә. Құнанбаевқа жүктелсін.

8. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап 10 күннен кейін күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің
2000 ж. 4 сәуір
N 117 бұйрығымен
бекітілді

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін
тауарларды бағалау жүйесін қолдану туралы
Ережелер

1. Әкелінетін тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша кедендік құнды анықтау әдісін қолдана отырып тауарларды кедендік ресімдеу әкелінетін тауарлардың мәлімделген кедендік құнын растайтын құжаттарды міндетті тапсырумен жүзеге асырылады. Банктік төлем құжаттары немесе жөнелткен елдің экспорттық жүктің кедендік декларациясы мәлімделген кедендік құнды растайтын құжаттар болып табылады. Жеке тұлғалар үшін төлем шоттар, чектер, квитанциялар, шетелдік сауда мекемесінің анықтамасы мәлімделген кедендік құнды растайтын құжаттар болып табылады.

Әкелінетін тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша кедендік құнды анықтау әдісін қолдану мүмкін болмаған жағдайда келесі әдістер рет-ретімен қ о л д а н ы л а д ы :

ұқсас тауарлармен жасалынатын мәміле бағасы бойынша;
біртектес тауарлармен жасалынатын мәміле бағасы бойынша;
қ ұ н д ы ш е г е р у ;
қ ұ н д ы қ о с у ;
р е з е р в ә д і с і .

Мағлұмдаушының көрсеткен кедендік құнының дұрыстығын растайтын деректер болмаған жағдайда немесе мағлұмдаушының көрсеткен мәліметтері дұрыс емес немесе жеткілікті емес деп ойлайтын негіздер болған кезде ресімдеуші кеден органы оның қолында бар бағалық ақпараттың негізінде (соның ішінде ұқсас немесе бір түрлі тауарлар бойынша бағалық ақпарат) кедендік құнды анықтаудың әдістерін рет-ретімен қолдана отырып, резервтік әдіс бойынша өз бетінше кедендік құнды анықтайды.

2. Бағалық ақпарат жүктің кедендік мағлұмдамаларының статистикалық деректерінің негізінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің К е д е н к о м и т е т і м е н ж а с а л а д ы .

3. Мәлімделген кедендік құнды нақтылау қажеттігі туындаған кездерде мағлұмдаушы мағлұмдалушы тауарды кеден органында бар бағалық ақпараттан тарай отырып кеден органы жүзеге асырған тауардың шартты кедендік бағалануына сәйкес ала алады.

4. Тауарларды шартты шығару кеден органының депозитіне кеден органымен жүзеге асырылған кедендік бағалауға сәйкес тиісті сомаларды енгізе отырып немесе өкілді банктің кепілдемесі арқылы кеден төлемдері мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етуін тапсырған жағдайда жүзеге асырылады.

Кеден төлемдері мен салықтарының тиісті сомасын депозитке салу арқылы қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер министрлігінің 1999 жылғы N 1505 V991000_ бұйрығымен бекітілген Кеден төлемдері мен салықтарының тиісті сомасын депозитке салу арқылы қамтамасыз ету және оларды қайтару тәртібі туралы Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

Кеден органының депозитіне енгізілетін кедендік төлемдер мен салықтардың сомасы Кедендік құнды түзету - 1 (бұдан әрі - КҚТ-1) нысанын толтырумен кеден органы жүргізген тауарлардың уақытша (шартты) кедендік бағалауы мен мағлұмдаушының мәлімдеген кедендік құнының айырмасынан тарап есептеледі. Бұл жағдайда Кедендік құн мағлұмдамасының (бұдан әрі - КҚМ) оң бетінің "Кеден белгілері үшін" бағанында, кеден органының лауазымды тұлғасы: "КҚ нақтылануда. "___"_____ N _____ уақытша КҚ. Түзету мерзімі "___"_____", құзыретіне мәлімделген кедендік құнның дұрыстығын анықтау ететін инспектордың жеке нөмірлік мөрімен ресімделетін жазбасын жасайды. Ұқсас жазба Кедендік жүк мағлұмдамасының (КЖМ) "С" бағанында да ж а с а л а д ы .

Мағлұмдаушының мәлімделген кедендік құнды растайтын құжаттарды тапсырғаннан кейін 60 күннен аспайтын мерзімде кедендік төлемдер мен салықтардың артық төленген сомаларын қайтару (немесе есепке алу) немесе КҚТ-1 нысанын толтыра отырып, жеткіліксіз төленген сомаларды алу жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Бұл жағдайда, мағлұмдаушымен алғашқы рет мәлімделген кедендік құн банктік төлем құжаттарымен немесе жөнелтуші елдің экспорттық КЖМ-мен расталады, КҚТ-1 толтырылмайды. КҚТ-1-дің "Кеден белгілері үшін" бағанында "КҚ қабылданды" жазбасы жасалады және кедендік құнды растау үшін тапсырылған құжаттың N-і көрсетіледі. Ұқсас белгілер КЖМ-ның "С" бағанында ж а с а л а д ы .

Мәлімделген кедендік құнды растайтын қажетті құжаттарды тапсырмаған кезде белгіленген мерзім өткеннен кейін тауардың шартты бағасын қолдана отырып аударылған кеден төлемдері мен салықтардың сомасы кеден органы лауазымды тұлғасының тауардың кедендік құны қатысында соңғы шешім болып

табылатын КҚТ-1 толтыру жолымен бюджет кірісіне аударылады.

5. Бажсыз өткізу нормасы бөлігінде жеке тұлғалардың тасымалдайтын тауарларын кедендік бағалау, мәлімделген кедендік құнды растайтын құжаттарды тапсырмаған жағдайда, ресімдеуші кеден органында бар бағалық ақпаратты қолдана отырып жүргізіледі және кеден органының соңғы шешімі болып табылады. Бұл кезде КҚТ-1 толтырылмайды.

6. КҚТ-1 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 жылғы 9 желтоқсандағы N 609 V991001_ бұйрығымен бекітілген өзгерістерді есепке ала отырып, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитетінің 1995 жылғы 11 қазандағы N 141-П V950145_ бұйрығымен бекітілген Ережеге 3-қосымшаға сәйкес жүргізіледі (**е р е ж е л е р і**) .

7. Шартты шығарылған тауарларды бақылауды жүзеге асыруды мынадай мәліметтерді көрсетумен тауардың кедендік құнын растау қажеттігіне байланысты тауарларды шартты шығару жүзеге асырылған КЖМ-сын есепке алу

Журналын жүргізе отырып, кедендік кірістер (төлемдер) бөлімі жүргізеді:

- 1) КЖМ-ның нөмірі;
- 2) мағлұмдаушы-тұлғаның атауы
- 3) тауардың атауы;
- 4) тауардың коды;
- 5) кедендік ресімдеу күніне дәл келетін шетел валютасының төлемі мен бағамының коды;
- 6) кеден органының депозитіне енгізілген немесе өкілді банктің кепілдемесі бойынша есептелген кедендік төлемдер мен салықтардың сомасы, сондай-ақ КҚТ-1 N-i;
- 7) кедендік құнды растауға белгіленген мерзім;
- 8) шартты құнды қолдана отырып, кедендік бағалау нәтижесінде алынған және бюджетке аударылған кедендік төлемдер мен салықтар сомаларының айырмасы, сондай-ақ КҚТ-1 N-i;
- 9) соңғы кедендік бағалау
- 10) күні.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК